

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

иероглифтік жазудың ежелгі оқылуына және әр түрлі аталуына негізделіп «ғұн» дегенді дұрыс көрдік [8, 122].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Н.Бернштам. Очерк история гуннов. - Ленинград, 1951. - 262 с.
2. Н.Я.Бичурин. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. - Алматы: Жалын баспасы, 1998. - 390 с.
3. Н.А.Аристов. Этногенез и этническая история казахов. - Павлодар: ТОО «ЭКО», 2005. - 272 с.
4. Рене Груссе. Империя степей. - Астана, 2006. – 216 с.
5. История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Французские исследователи в Казахстане. И.В.Ерофеева. – Алматы: «Санат», 2006. - 272 с.
6. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з.б. 177– б.з. 222 жылдары). 1 кітап. – Алматы, 2006.- 310 б.
7. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы. (ежелгі және ортағасырлық кезең). моног зерттеу. – Алматы: «Алдамжар», 2007. - 432 б.
8. Т.Омарбеков. «Арғын» этнонимі немесе Арғындардың шығу тегі туралы. // Алаш. №1 (10), 2007 ж.

ӘОЖ 93 [001-008]

МӘМЛҮКТЕР ДӘУІРІНДЕГІ ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ

Мұратбекқызы Меруерт

mervetta92@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
6М020900 Шығыстану мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – филол. ғ. д. С.А. Төлеубаева

XIII ғасыр араб-мұсылман әлемі тарихында атаулы кезеңдердің бірі. Крестшілер жорықтары және шығыстан бет алған монғолдар араб-мұсылман әлеміне зор қауіп төндірді. Дегенмен мәмлүктер қатердің бетін қайтара білді. Француз королі XI Людовикке тойтарыс беріп, монғол ордасын талқандады.

Мәмлүктер (المماليك) – Айюбилер әулеті сұлтандарының арнайы әскери дайындықтан өткен жасақшылары. Әмірлер жасөспірім балаларды құлдықтан сатып алып, қалаға әкелісімен жабық әскери мектептерге бөлетін. Бұл мектептерде шарифат негіздері, араб тілі мен жазуы үйретілген. Сонымен қатар, мәмлүктер күрес, жүзу, садақпен ату, найзамен шабуылды игерген. Тәрбиеші әр оқушыға жеке күнделік бастап, оның сипаттарын, жетістіктері мен кемшіліктерін жазып отырған. Осылайша мектеп қабырғасында кәсіби әскерилер даярланды [1, 332-б.].

Мәмлүктер, көбінесе, Дешті қыпшақ даласынан және Кавказ өңірінен әкелген құлдардан құралған. Өйткені жастайынан жаугершілікті бастан өткерген балалар ерлікке құштар, рухы биік әрі жауынгер болатын. Сондықтан билеушілер өз әскерінің басты құраушы да қозғаушы күші етіп осы өңірлердің тумаларын алатын. Осылайша, негізгі әскери күшке айналған мәмлүктер Айюбилер әулетінің соңғы сұлтаны Тұран шахты тақтан тайдырып, 1250 жылдан бастап Мысыр (1517 ж. дейін) мен Шамдағы (1516 ж. дейін) билікті өз басқаруларына алды. Мәмлүктер үш ғасырға жуық уақыт билік құрды. Осы кезеңде Мысыр мен Шам елдерінде тәртіп орнап, тыныш заман туды. Өйткені мемлекеттік құрылымдар қатаң тәртіпке бағынды. Осы жүйеліктің арқасында мәмлүктер ішкі жауды дер кезінде басып, сырттан төнген қауіптің бетін қайтарып отырды. Олар әскери ұйымдастыру шеберлігімен және қайсар мінезімен танылды.

Аталмыш кезең толассыз билікке таласпен, өліммен және соғыспен сипатталады. Мәмлүк сұлтандығы тарихта мұсылман әлемінің құтқарушысы, әскери шеберлігі шындалған, қатаң тәртіп пен заңға бағынған мемлекет ретінде қалды. Бірақ мәмлүктердің әлемге әйгілі әскери даңқынан басқа да жетістіктері бар. Мәмлүктер күйреудің аз алдында тұрған мұсылман өркениетінің дамуына жаңа серпін берді. Олар мәдениет пен ғылымның, сәулет өнерінің дамуына түрткі болды. Танымал араб тарихшысы Ибн Халдунның сөзімен айтқанда, «олар Алланың мейірімі еді, өйткені құлазып бара жатқан Ислам әлеміне жаңа күш-жігер беріп, оған төнген зор қатерден құтқарды». Ибн Халдуннан осы кезеңдегі Мысыр туралы сұрағанда: «Кім Каирді көрмесе, сол Исламның құдіретін білмейді» – деп жауап берген екен [2, 275-б.].

Мәмлүк дәуірінде, әсіресе, XIII ғ. араб-мұсылман мәдениеті мен ғылымы тарихында VIII ғ. кейінгі ең гүлденген кезеңі болды. Кейінгі ұрпаққа мол мұра қалдырған әртүрлі саланың ғалымдары Мәмлүк мемлекетінің замандастары болды. Осы кезеңде ғылымның күрт дамып, ғалымдардың Мысыр мен Шамда шоғырлануының бірнеше себептерін атауға болады:

1. Иракты монғолдар, Андалусияны христиандар шабуылдады.
2. Мысырда Аббасилер халифатының қалыпқа келуімен, Каир қаласы мәмлүктердің көмегімен ислам әлеміндегі ғылыми, діни, мәдени орталыққа айналды.
3. Мәмлүк сұлтандары мен әмірлері ғылымның дамуына ат салысып, білім ордаларын салуға жер мен қаражат бөлді. Сол арқылы олар тек жергілікті халықты білім нәрімен сусындатып қоймай, жан-жақтан білім іздеген мұсылман жастарына да қолдау көрсетті.

Бұл замандағы ғылым тек дінмен шектелмей, медицина, химия, физика, философия, тарих, география сында салаларды да қамтыды. Сондықтан мәмлүктер дәуірінде мешіттер, медреселер, білім беру орталықтары көптеп салынып, осы орындарда гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары оқытылды. Оған қоса, ауруханаларда (المارستانات) әртүрлі ауруларға ем болатын жаңа дәрі түрлері табылып жатты. Ғылымның гүлденуімен қоғам өмірі де жандана түсті. Өйткені білім іздеуші мәмлүктердің қол астында болған Шам, Мысыр, Хиджаз өлкелерін емін-еркін саяхаттап, қажетті кітапханаларда білімдерін толықтыра алатын. Сондай-ақ, Александрия Ислам Мағрибы (المغرب الإسلامي) мен Андалусиядағы (الأندلس) ілім-ғылым шығыс беткейге ауысуында үлкен роль ойнады. Бұл құбылыс ан-Насир ибн Қалауынның (الناصر بن قلاوون) тұсында Фух (فوه) аулынан Александрияға дейін канал салғаннан бастап күрт артты.

Осы кезеңде фикх (الفقه), хадис (الحديث), ақида (العقيدة), әдебиет (الأدب) пен тарих (التاريخ) ғылымдарын зерттеген бірқатар үлкен әмбебап авторларды атауға болады. Олардың қатарында Имам Науауи (الإمام النووي), аль-Ғаз ибн Абдуссалам (العز بن عبد السلام), Ибн Қайим аль-Жаузия (ابن قيم الجوزية), Ибн Хаджар аль-Асқалани (ابن حجر العسقلاني), аз-Захаби (الذهبي), Ибн Касир (ابن كثير), аль-Мақризиді (المقريزي), Ибн Тағриберди (ابن تغري بردي), аль-Қалқашанди (ابن قدامة المقدسي), Ибн Джамаға (ابن جماعة), Ибн Қудама аль-Муқаддаси (ابن قدامة المقدسي) бар.

Сонымен қатар, география және тіл ғылымы мен проза саласында көп еңбек сіңірген Ибн Фадлуллах аль-Умари (ابن فضل الله العمري), Шамсуддин аль-Саиф аль-Ханафи (شمس الدين), Али ибн Музаффар аль-Кинди (علي ابن مظفر الكندي), Мұхаммад ибн Юсуф аш-Шазили (محمد بن يوسف الشاذلي) сияқты тұлғалар бар [3, 148-б.].

Мәмлүктердің көбі атажұртынан ес білген шақта кеткендіктен, араб тілін жетік меңгермеген. Кейде сөздікке жүгінулеріне тура келген. Сұлтандардың қолдауымен сол заманда бірнеше араб-түркі тілдерінің сөздіктері жазылғаны белгілі. Атап айтсақ, 1245 ж. жазылған 2500 сөзден тұратын «Араб-түркі-монғол-парсы тілдерінің сөздігі» (ترجمان تركي), Асир ад-Дин Абу Хайян аль-Андалусидің «Түрік тілінің түсіндірме кітабы» (وعربي ومغولي وفارسي), Жамал ад-дин Мұхаммад Абдуллах ат-Туркидің «Түрік және қыпшақ тілдерін үйренем деушілерге арналған кітабы» (كتاب بلغة المشتاق في لغة الترك والقباچ), XIV ғ. жазылған «Түркі тілі туралы жазылған ерекше қасиет» (كتاب التحفة الزكية في اللغة التركية), сондай-ақ XIV-XV ғғ. жазылған «Түркі тілін үйренушілерге арналған толық ережелер жинағы» (كتاب

القوانين الكلية لضبط اللغة التركية) сияқты еңбектер бар. Соңғы жинақ грамматикаға арналған бөлім мен сөздіктен тұрады [4, 103-б.].

Осы кезеңдегі араб-мұсылман өркениеті кейінгі ұрпаққа көптеген тарихи және мәдени ескерткіштерді мұра етті. Мешіт, медресе, сарай салудың жаңа қайталанбас үлгісін қалдырды. Олардың қатарын мәмлүктер дәуірінен бастап жаңа ғимарат түрі – мұқтаждарға, кедейлерге және жолаушыларға қайырымдылық көрсету ниетімен «сабильдер» (أسبلة) салынды. Көпшілігін мәмлүк сұлтандары, әмірлері және олардың жұбайлары жақындарының немесе балаларының қабірінің маңайына салдыртатын. Мәмлүк билеушілері «сабильдерді» көптеп тұрғызу арқылы мұсылмандарға деген ізгі қатынастарын көрсетуді мақсат тұтты.

Мәмлүктер қорғануға қабілетті берік қамалдар мен мешіт-медресе кешендерін салдыртып қана қоймай, ғылым мен мәдениеттің дамуына үлес қосты. Оған Лэн-Пулдың мәмлүктер дәуіріндегі сәулет өнері туралы «Құлдан шыққан бұл билеушілердің көркемдік талғамы жоғары болған. Олар адамгершіліктен жұрдай болса да, бұзақылыққа жол берсе де, тұрғызған ғимараттарында батыс елдерінде кездеспейтін талғампаздық сезіледі» деген сөзі дәлел бола алады. Пилоти құлдардың өмірін сипаттап қана қоймай, мәмлүктер тұсындағы Каирді «әлемдегі ең ұлы қалаға» балаған. Ал саяхатшы Ибн Баттута (ابن بطوطة) 1345 жылғы Каирға сапары барысында «бір-біріне сұлулық пен ұлықтықта дес бермейтін сан қилы ғимараттарға тұнып тұрған қалалардың анасы», яғни Каир туралы сөз қозғаған. Өйткені, Ескі Каир (Фустат) көптеген тарихи ескерткіштерімен танымал, оған мәмлүк дәуірінде (1250-1517 жж.) салынған өзінің бірегейлігімен таң қалдыратын мешіт, кесенелер сән береді. Каирды «мыңдаған мешіт қаласы» деп бекер атамаса керек [2, 148-б.].

Мәмлүктер дәуірінің сәулет өнері жетістіктері саналатын мешіт, кесене мен медреселер ортағасырдағы Каирдің басты көшесі болған Касабада бой түзеген. Айюбилер сарайларының орнына соғылған мәмлүк қамалдарын да айта кеткен абзал. Әсіресе, мәмлүктер дәуірінде кешендер салу кең етек алды. Олардың қатарына Каир қаласындағы Барысбай сұлтанның, Қайтбай сұлтанның, Қалаун сұлтанның және оның ұлы ан-Назирдің атындағы кешендерді жатқызуға болады. Танымал мәмлүк қамалдарының ең көнесі Қалаун сұлтанның медресесі мен кесенесі, сондай-ақ Қалаунның ұлы аль-Назир атындағы мешіт және 1504 ж. мәмлүктер дәуірінің соңғы кезеңінде салынған Кансух аль-Гуридін мешіт-медреселер кешені. Олардың қатарын Бейбарыс сұлтанның мешіт-медреселері (XIII ғ.), аль-Муайбада сұлтанның бағаналы мешіті (XV ғ.), Хасан сұлтанның оюлы мешіті (XIV ғ.) толықтырады [5, 192-б.].

Солардың бірі – құрамында мешіт, медресе, кітапхана, моншасы болған «Аз-Захирия» (الظاهرية). Ол медреседен өзге заң мектебі қызметін қоса атқарған. Өйткені ғимараттың шығыс бөлігі Шафиғи мазхабының фикһін (заңдарын) оқытуға арналған. Онда атақты Шейх Рашид аль-Фаруқи дәріс берген. Күмбездің шығысында Ханафи мазхабының фикһі үйретілген. Ханафи фикһі бойынша дәрісті Садруддин Сүлеймен бен Аби аль-Азз жүргізген. Осы заң мектептерінде XIII-XX ғғ. аралығында аль-Азрағи (الأزرعي), ас-Самарқанди (السمرقندي), Абу Исхақ аль-Лаури (ابو إسحاق اللأوري), Ибн аль-Джаби (ابن الجابي), аль-Фазири (الفزيري), ан-Насих (النصيح), Ибн Шахид (ابن شهيد) сынды танымал ғұламалар сабақ берген. Медресе қабырғасында жоғарғы білім алу мүмкіндігі де болған. Сондықтан «аз-Захирияны» жалпы саны 45 мың оқушы тәлім алған университет деуге болады. Олар халифаттың түкпір-түкпірінен білім талап ету мақсатында келетін. Өйткені «аз-Захирия» өзінің бай кітапханасымен танылып үлгерген. «Аз-Захирия» Ислам әлеміндегі ең үлкен кітапханалардың, әрі Шам елдеріндегі ең көне кітапханалардың бірі саналады. Өйткені онда ғылымның әртүрлі саласына арналған құнды қолжазбалар, сирек кездесетін кітаптар мен деректерер сақталған.

XIII-XVI ғғ. бой көтерген басқа да ғимараттар Таяу Шығыс сәулет өнері, армяндық тас қашау үлгісі, түркілік мұнара орнату шеберлігі, африкалық мәнерлеу әдісі, сириялық мәрмәр мозаикасын бітістіре отырып салынған өзіндік бірегей туынды болып табылады.

Мәмлүктер дәуірі ислам өркениетінің шарықтау шегіне тап келмесе де, сұлтандар оның дамуына қолдау көрсетуге тырысты. Оған Мысыр мен Шам өлкесінде салынған мешіт-медресе кешендері дәлел бола алады. Жалпы, мешіт, медресе, кітапхана сынды білім беру ошақтарының бір жерде шоғырлануы – араб-мұсылман өркениетіне тиесілі құбылыс. Онда

сауат ашу дәрістері жүргізіліп, Құран кәрім оқылып, діни білімнің негізі қаланатын. Сонымен қатар, осы дәуірде ғұламаларға қолдау көрсетіліп, ғылым іздеушілерге жол ашық болды. Сұлтандардың ерекше ілтипатының арқасында ғылым мен мәдениет тоқырауға ұшырамай, дамуын жалғастырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Голдобин А.М., Гольдберг Д.И., Петрушевский И.П. История стран зарубежной Азии в средние века. – М: «Наука», 1970. – 640 б.
2. Семёнова Л.А. Салах ад-Дин и мамлюки в Египте. – М: «Наука», 1966. – 216 б.
3. Мұхаммад Мутиғ аль-Хафиз. Дамаск ғұламаларының тарихы (تاريخ علماء دمشق). – Дамаск: Дәр аль-фикр аль-муғасир, 1986, 537 б.
4. Ахмад Мухтар аль-Ибади. Мысыр мен Шамда алғашқы Мәмлүк мемлекетінің құрылуы (قيام دولة المماليك الأولى في مصر والشام). – Бейрут: Дәр аль-Нахда, 1986, 241 б.
5. Ализаде А.А. Исламский энциклопедический словарь. – М: «Ансар», 2007. – 400 б.

ӘОЖ 338. 24 (620)

ЕГИПЕТ АРАБ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР (1990-2000 ЖЖ.)

Мырзаханова Амина Кемаловна

Super.amina76@yandex.kz

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті, шығыстану
мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.Ж. Абжаппарова

Египет Араб Республикасының (ЕАР) реформаларды егжей-тегжейлі саралауда араб елдерінің ішінен таңдалынып алынғаны кездейсоқтық емес. Мысырдың Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағындағы басқа да мемлекеттермен тарихи, мәдени, экономикалық және геосаяси мәселері ортақ болғанымен ол осы аймақта ерекше орынға ие.

Біріншіден, Египет – ежелгі өркениеттің отаны, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағындағы бай мәдени тарихы бар ең ірі мемлекеттердің бірі. Ағылшын зерттеушісі П.Ньюберн, «Мысыр – бұл жарғаққа жазылған ертедегі жазу: Құран Інжілдің үстінен жазылған, Інжіл - Герадоттың үстінен, барлық қабаттардың арасынан көне Египет иероглифтері көрініп тұрады», деп, жазған болатын.(1.225б)

Мысыр еуропалық, азиялық, африкалық және америкалық мемлекеттерді өзара байланыстыратын негізгі халықаралық кеме және әуе жолдары тоғысатын, африкалық және азиялық континенттің түйіскен жерінде орналаса отырып, өте тиімді географиялық және маңызды геосаяси және әскери-стратегиялық жағдайға ие. Египет жерінен ағып өтетін Суэц каналы (161км) – Жерорта теңізін Үнді мұхитымен жалғайтын, әлемдік сауда-транспорттық және стратегиялық маңызды жолдардың бірі болып табылады. Суэц каналы мен Қызыл теңіз – Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік Азия және Шығыс Африка елдерінен Батыстың дамыған елдеріне мұнай мен газ, басқа да өнімдерді тасымалдайтын ең басты бағыттардың бірі. Еуропадан Парсы шығанағы елдері, оңтүстік және оңтүстік- шығыс Азия елдеріне әскер жөнелтуде Суэц каналының маңыздылығы арта түсті.

Египеттің әлемдік сауда жолдарының тоғысындағы географиялық қолайлы орналасу жағдайы, халықаралық еңбек бөлінісі тиімділігін пайдалану мен шетел капиталын тартуға жағымды мүмкіндіктер тудырады.

Екіншіден, Египет – Африка елдерінің ішінде экономикасы біршама дамыған және реформалар жүргізуде тәжірибесі бар ел. Хосни Мұбарак билігі кезінде Египетте түбегейлі өзгеріс реформаларының белсенді үдерісі жүрді.